

## ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ШАРАПАТЫ

Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі, ал біз үшін мәңгілік мақтаныш. Егер Шыңғыс хан болмаса, қазақ деген халық та жаңа ұлыс құрамында біржола ұйысып, үсті бейіш, асты кеніш, осыншама ұлан-байтақ жердің бірден-бір қожасына айналып, бүгінгі күніне жете алмас еді. Шыңғыс хан есімі біздің халқымыз үшін, міне, тоғыз жүз жылға тартты, ұран болды, қуат болды, ақыры арманға айналды.

“Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз,  
Қайран саланың жатқан аңғары-ай,  
Ақ шалмалы пірлердің  
Мешітке жаққан шамдары-ай,  
Кәпірден теңдік алуға  
Қайтып та келер деймісің,  
Мұсылманның баласы,  
Шыңғыстан туған хандар-ай...”

Бұл – Қазтуған жыраудың атынан айтылған Мұрат ақынның зары. Оң-солымызды жаңа таныған бала кезімізде бізді – Мұхтар Мағауин деген талапкер жасты жарыққа жетелеген, дәрмен берген сөздер. Тек осы ғана емес.

“Шыңғыс, Бату хандық құрып тұрған ел,  
Қарақыпшақ Қобландылар туған ел,  
Ерегескен дұшпан-жауын қуған ел  
Емес пе едің – жұртым саған не болды?!..”

Бұл – Ғұмар Қараш. XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш мұңы. Сол мұң көкірегімізге сәуле құйды. Жалғыз біз ғана емес, кезінде Алаштың талай арысының ойындағысын тапқан, көкірегін ашқан ұран.

Енді келіп, Тәуелсіздіктің Он жылдығында... Айтудың өзі ұят – баяғы таптық күрес, балшабектік науқандар кезіндегі жиренішті, жандайшап уағыз қайта тіріліпті. Жай ғана уағыз емес, өктем өкіреш. Надандық пен түйсіксіздік кенересінен асқан, ұлтсыздық пен менмендік шегінен шыққан, өткенге топырақ шашып, бүгінге жала жапқан, болашақ бағдарыңды бұлдырға сілтеген, жөн-жосықсыз, жоба-қисынсыз былық дауға қанымыз қызып емес, жынымыз қозып біз де араласып кетер едік, осы көңірсіген әңгімеге ұйтқы болған, жақсы ақын, тәуір азамат есебіндегі адас бауырымызды аядық.

Қазақ тілінің өресі төмен көрініп, әлдебір кең тараған тілде өлеңмен роман жазыпты. Қазаншының еркі. Орыс емес, ағылшын тіліне көшсе, нәтижесі бұдан гөрі тәуірірек болатын еді. Мейлі, орыс та олжа. Ол поэма-романды Иоан мен Джон жақтапты, Иван мен Тингиз мақтапты.

Әкеңді боқтасаң, Джон неге теріс көрсін. Халқыңды сөксең, Иванға сенен қадірлі кісі жоқ. Ал Тингиз... кеше ғана бір миллиард мұсылман қауымының ар-өжданын қорламақ болған Салман Рушдидің шашбауын көтерген, күні бүгінге дейін Иса Мәсіхтің жолын насихаттап жүрген сабаз ғой. Мейлі, адасқанның алды жөн. Бізді екі аяқты адам қатарына санамайтын Батыс жұртының ұғым-түсінігі, сол жұртқа жағыну қарекетіндегі тағы бір тілеуі теріс қауымның өзінше тіршілік амалы. Дүниеде не болмайды, ең аяғы ана тіліміздегі бар мен жоқты толық тани алмай отырған кезде бізге қатысы қанша... дейміз ғой. Әлсіздің сөзі. Дініннен ажырататын, иманыңнан айыратын жаңа ілімдер жаппай насихатталып жатқан кезде, ұлтыңнан бездіретін, тарихыңнан жерітетін әрекеттің несі таң?! Әне, кешегі атеист қазақ мұсылманшылыққа бет бұрудың орнына... шоқынып жатыр, шоқынумен ғана шектелген жоқ, сен елесін де естімеген бытықы-шытықы қаншама жаңа дін тауып жатыр. Ауылдың тозғанын, жұртыңның азғанын, тіліңнің аяқасты болып, адамдық өждан, ұлттық намысыңды қорлау күнделікті, үйреншікті қағидаға айналғанын... қайсы бірін түгендерсің. Енді міне, жау – жағада, бөрі – етекте... емес, жан – алқымнан өтіп, мұрынның ұшына жеткен, тәсілімге тақаған шағыңда “Кел, кедей, басың қос жалшымен, – Байларды қойдай қу қамшымен!” – деген 20-жылдардың ұраны қайта көтеріліпті. Бүгінгінің байы күш бермейді, сондықтан ең оңай тап жауы ретінде Шыңғыс ханды кәмпескелеу керек екен. Күлесіз. Әуелде. Содан соң, балшабектік жойымпаздық ұран кеңінен етек алып, оған да болмай, сөз аяғы созылып бара жатқан кезде, анау-мынау емес, Республика президентінің атына: “Жауыз Шыңғыс ханды құртатын жарлық беріңіз!” – деген сарында жаппай ғарызнама жазылған шақта... күлкіңіз келмей қалады. Осындай да керемет болады екен. Қысылғаннан ба, есіргеннен бе. Қалжың ба, мазақ па. Тисе терекке, тимесе бұтаққа. Әйтеуір ел ести берсін деген далбаса.

Далбаса емес. Ел шынында да естіп жатыр. Кейбірі аңырса, кейбірі... халық емес, әлдебір шалағай тарихшы, қазақ тарихы емес, сірә, кәсіподақ тарихы, немесе басқадай бір советтендіру мәселесінен атақ-дәреже алған прапесір “Шоқанды қазақ деп жүрсек...” дейтін мақала жазып қарап отыр. Таң қаларлық ештеңе жоқ. Осының алдында ғана атақты ақынымыз: “Шыңғыс ханның суретін неге іледі”, – деп, қазақтың біртуар азаматын сөккен болатын. Тере берсеңіз, бұдан да сорақысы шығады.

Біз айтайық. Менің үйімнің төрінде Шыңғыс ханның бел баласы Абылай ханның суреті тұр. Жалғыз Абылай ғана емес. Жұмыс кабинетімде, жазу столының тұсында, кітап сөрелерімен астас: төбеде – Күл-Тегін, одан бір саты төмен – Шыңғыс хан... иә, Шыңғыс ханның нақ өзі, одан кейін, қыр арқамда – Абай бейнелері тұр. Күл-Тегін – біздің халқымыздың үш мың жылдық асқақ рухының көрінісі, Шыңғыс хан – мәңгілік күш-қуатымыздың айғағы, Абай – ақыл-парасатымыздың өлшемі, – осы үшеуінен қатар қуат алып, Иванның емес, Жылқыбайдың көңілін табу ниетімен қырық жыл бойы жат жұрт лұғатына телмеңдемей, ана тілімізде қалам тарттық; егер осы үшеуінің әрқайсысынан бір

мысқалдан артық қасиет дарыса, біз бұдан гөрі тәуірірек кісі болып шығатын едік. Бірақ осы бергеніне де шүкір. Ешқандай зұлым күш мені Алып Аталарымнан бездіре алмайды. Садағасы кетейін! Өзім ғана емес, бүкіл ұрпақ-әулетім... Енді жақын жұрағат қана білетін бір деректерді жалпы жұртқа айтуға тура келді. Мен бірінен-бірі сүйкімді тоғыз қыздан соң туған, мойынға бұршақ салып тілеп алған еркек кіндікті алғашқы немеремнің атын Бату қойдым – Шыңғыс ханның сүйікті немересі, біздің ұлы мемлекетіміз Алтын Орданың негізін салған Сайын хан – Бату ханның құрметіне. Батыс Еуропада туған екінші ұлдың аты – Байдар, Шыңғыс ханның тағы бір немересі, 1241 жылы 9 көкекте Легница түбіндегі жойқын ұрыста бүкіл Еуропаның біріккен крестшілерін талқандаған сайыпқыран Байдар сұлтанның құрметіне. Сол екі аралықта Алматыда туған немеремнің аты – Тоғым, Қазақ Ордасының қаһарман ханы, өзінің “Тоғыз сары” аталатын тоғыз ұлымен қатар, саны басым, біріккен моғол-өзбек әскеріне қарсы соғыста, Үш Қарқара, Кегеннің сырты – Сан-Таш аңғарында, 1537 жылы, 27 шілде, жұма күні шәйіт болған Тоғым ханның құрметіне қойдым, ол да үлкен аталарына тартқан сары ұл, тәңірі жеткізсе, бабасының жолынан айнымас. Сол, Сан-Таш ұрысында Тоғым ханмен, оның тоғыз ұлымен қатар, Қазақ мерейі жолында тағы отыз жеті сұлтан қаза тапқан, бәрі де Шыңғыс хан әулеті. Ал менің өзімнің тегімді тексерушілер болса, төре емеспін, бірақ төре, қожалар сияқты, мен де таза қазақпын. Арғы бабаларым Ұлы Ғұн империясында күн кешсе керек, одан соң Ұлы Түрік қағандығына тірек болған, кейінірек Шыңғыс ханның жеңімпаз жасағын құраған, ұлы қағанмен бірге Дәшті-Қыпшаққа қайта оралып, ізінше Бату ханның туының астында Алтын Ордаға ұйысқан, бұдан соңғы ғасырларда Қазақ Ордасына біржола орын теуіпті; тікелей ата-бабаларымның кім болғанын, не үшін күресіп, қандай жолда жан қиғанын бүгінгі маған қарап таныңыз, немесе, керісінше; халқым кіріптар, өзім байлаусыз тұтқын кезімде, бұдан отыз жыл бұрын, сонау советтік-отарлық заманда айтқанбыз: “Менің бойымда Елтеріс, Естемилер, Күл-Тегіндер заманындағы көшпенділердің қаны бар...” – “Көк мұнар”, “Жазушы” баспасы, Алматы, 1972, 103-бет. Айтқан – біз, бірақ бар қазаққа тиесілі лепес болуға керек. Шыңғыс хан да осы қатарда. Бүкіл әулетімен.

Қазақ жұрты “асылы нұрдан жаралған” деп қасиеттеген, “садағын сағымға ілдірген” деп қастерлеген, қаншама өлең-жыр, аңыз-әпсанаға қосып ардақтаған ұлы қағанның өз ұрпағы, яғни мына біз үшін жасаған ғажайып әрі ғаламат еңбегінің кейбірін айта кетейік, білген – жадына тұтсын, білмеген – есіне сақтасын.

Шыңғыс хан Ұлы Түрік қағандығының Шығыс Ордасы құлағаннан соң екі жүз жылдан кейін қайтадан ес жиған, тағы бір жүз жылда күш-қуаты қалпына келген, бірақ әр ру жеке патшалық құрып, басы бірікпей тұрған көшпенді түрік-моңғол жұртын бір орталыққа ұйыстырып, қуатты жаңа ұлыс құрды. Бұл – шын мәнісінде Ежелгі Түрік қағанатының қайта тууы болатын.

Нәтижесінде, Шыңғыс хан Шығыстағы түрік қауымын сақтап қана қалған жоқ, бүкіл Даланың болашағын қамтамасыз етті. Ең алдымен, кеше ғана қағанатты тоздырған, енді Ұлы қорғаннан шығып, қалған қауымды жалмап жеуге тиіс, онымен ғана тоқтамай, Батыс өңірге аяқ салары күмәнсіз Қытай экспансиясын тура бес жүз елу жылға тоқтатты.

1200 жылдар шамасында әбден күшейген Хорезм мемлекеті әуелі біздің Қарахандар ұлысын елдігінен айырды, содан соң Талас өңірін, Сыр бойын біржола баурап, басыбайлы қонысына айналдырды, біздің бабаларымызды жаныштап, біржола құрту үшін Шығыс Дәшті, яғни, қазіргі қазақ даласына қырғын жорықтар ұйымдастырып тұрды, мұның ең үлкен бір көрінісі – 1218 жылы Ырғыз, Торғай алабына жасалған жазалау экспедициясы болды; қанға құныққан хорезмшах Аладдин-Мұхамедтің қалың қолы дәл осы орайда Ырғыз бойында Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан бастаған әскермен беттесуі кездейсоқ емес. Ұзақты күнге созылған ұрыста Аладдин-Мұхамедтің жүз мың әскері Жошының жиырма мың жасағын жапырып кете алмайды, керісінше, ұрыстың бір сәтінде шахтың өзі жорық ордасын тастай қашып, әрең бас сауғалайды, ақыры, шайқас нәтижесіз аяқталғанымен, дәл осы жолы хорезмшахтың сағы сынады, түптің-түбінде, Ырғыздағы ұрыс 1220 жылы Хорезмде басталған кең көлемді майданның, яғни, бүкіл Мәуреннахрдың тағдырын шешеді. Бұрынғы жүз шапқынның жалғыз қарымтасы. Қазақ даласының тынысы кеңіпті, ұлттың ұйысуына, елдің ордалануына мүмкіндік туыпты.

Осы, жойқын соғыс барысында, кейбір ағайындар айтып жүргендей, біз Отырарды қорғағамыз жоқ, қоршадық, бергеміз жоқ, алдық, дәлірек айтсақ, жаудан бостан қылдық. Бұл сөздің мәнісі – қыпшақ қауымына, яғни бізге тиесілі Отырарды ілкіде Хорезм басып алған болатын. Отырар әміршісі, қыпшақ (сол кездегі жік бойынша қыпшақ ішіндегі қаңлы) Қайыр хан – өткен шахтың бәйбішесі, бүгінгі шахтың анасы, Хорезмдегі қыпшақ әскеріне арқа сүйеген, билігі зор Түркен қатынның туған бауыры болатын, яғни, шах өкіметіне адал берілген кісі. Оның үстіне, атақты керуенді талқандау кезінде күнәға батқан; қайткенде де Шыңғыс хан кешірімес еді. Сондықтан да, өзіне тиесілі қыпшақ жасағымен бірге ақырына дейін соғысты, ерлігіне күмән жоқ. Бірақ ер екен деп жауынды ардақтамайсың ғой. Шыңғыс хан ұлылыққа тән мәрттікпен сөз жоқ, сүйсінді, бірақ кейін, Синд бойындағы соғыста Жәлелиддинді аман жіберсе, Отырар ойранына себеп болған Қайыр ханды кешіре алмайтын еді. Сол заманның салтына орай жазаға тартты.

Біз Отырарды қайырып алдық. Неге біз десеңіз, Шыңғыс ханның жеңімпаз әскерінің негізгі бөлігін құраған – түрік тайпалары еді. Сол кездегі атаққа шыққан зорлары – керей, найман, жалайыр, қатаған, қоңырат. Кейін басқа руларға қосылған тағы қаншама үлкенді-кішілі қауым. Ал қалған, уақытша хорезм әскері құрамындағы кіріптар түрік-қыпшақ жұртына келсек, өзі үшін соғысқан Қайыр ханның жасағынан басқа барлық қыпшақ қауымы Мәуреннахрдағы соғыс барысында ертелі-кеш әр шаһарда, он мың, жиырма мың, отыз мыңдап түгел Шыңғыс хан жағына шығып отырды. Кейінгі кейбір тарихшылар опасыздық,

қорқақтық деп бағалайды, іс мәнісін білмеуден туған жаңылыс – Хорезм шегінде әскерге тартылған біздің жұрт қалай соғыса алатынын жаңағы Отырарда көрсетті емес пе. Басқа жерде кім үшін қан төкпек, өздеріне жеккөрінішті хорезмшах билігі үшін неге ғана ағайын жұрт – түбі, тегі, тілі бір керей, найман, жалайыр, қоңыратпен соғысуы керек? Әлбетте, тезінен тіл табысқан. Көп ұзамай бәрі бірігіп, жаңа ұлыс құрған, Еділ, Таң, Үзе бойындағы қыпшақ қауымымен қайтадан ұйысып, Елтеріс, Естемилер заманындағы қағанатқа парапар, қуаты, жаңа мемлекетін орнықтыру үшін Батысқа қарай бет түзеген.

Сөйтіп, ұлы Шыңғыс хан өзінің бүгінгі жұрты, болашақ ұрпағы үшін Шығыста Қытайды тыныштандырса (қаған Хорезм жорығына аттанғанда әлі толық жуасымаған Қытай майданында бас қолбасылық, бар билік жалайыр Мұқалыда қалғанын кім теріске шығара алады), Түстікте бүкіл Дәшті-Қыпшақтың тажалы болып отырған Хорезмді қиратты. Әлбетте, қай замандағы соғыстың да өз заңы, ауыр зардабы бар. Және бүгінгі, отарлық, құлдық санадан бастау алған “интернационалдық” шалағай қағидалар өткен тарихқа жүрмейді. Әлде, басқаның қаласы қирамас үшін өзіңнің Далаңды ойрандатып, бар халқыңды құрбанға беруің керек пе еді? Соңғы жетпіс жыл бойы сұрамай-ақ бәрін бердік. Басқаға қатер төндірмек түгілі, өз жаныңды қорғау айыпқа саналды. Сол кемтар сана бүгінге көшіпті. Өзіңді төбеге ұрып, басқаның жыртысын жырту салтқа айналған. Күні бүгінге дейін Кенесары ханды қолдасақ, қырғыз ағайынның көңіліне келеді деген сырқат ұғымда жүрген “дәнекершілер” бар екен. Немесе, жерінді бермесен, өзбек ағайындармен араздық туып кетуі мүмкін дейді. Ал сенің көңілің, сенің араздығың көк тиын. Өйткені – сен құнсыз жұртсың. Шыңғыс ханға теріс көзқарас та осындай түйте ұғымнан бастау алған. Басқа артық, сен кемсің, басқаның айтқаны жөн, сенікі теріс – тәуелсіздіктің он жылдығында бұрынғы құлдық сана жаңаша көрініс тауып, барлық майданда бірдей шабуылға шығыпты. Қазіргі, өзгесін айтпайын, рухани кеңістіктегі дәл осындай мүшкіл халіміздің шет жағасын аңдаса, бұрынғы арыстан бабаларымыз, ауырмай, сырқамай, табан астында құсадан өлер еді.

Сонымен... Арыстан бабалар ежелгі дәстүр жөні, Шыңғыс хан нұсқаған үлгі бойынша, ең алдымен өз ұлысының мүддесін алға қойды. Ұрпағы үшін қан төкті. Ақылы мен қажыр-қайратын халқының игілігіне жұмсады. Осы қайрат пен ұлағаттың Шыңғыс хан жорықтарынан кейінгі ең бір айқын көрінісі ретінде біздің ұлы мемлекетіміз – тарихта Қыпшақ ұлысы атанған Алтын Орда құрылды. Күш-қуаты әлемді тітіретті, сән-салтанаты жиһанға жар болды. Тауарихтың тағы бір толқынында Ежелгі Түрік қағандығының, одан соңғы Шыңғыс хан ұлысының, оған жалғас Алтын Орданың тікелей мұрагері – Қазақ Ордасы бой көтерді. Шыңғыс хан қалыптастырған мемлекеттік жүйе, жарғы, жоралар ізімен. (Даукес ағайындардың құлағына күміс сырға – Московиядан бастау алған Орыс мемлекетінің өзі Шыңғыс хан үлгісімен құрылған болатын.) Бүгінгі қазақ халқының жер бетінен өшіп кетпей, ел болып, жұрт болып отыруы – дүние қайта бұзылған алағай-бұлағай заманда дербес ту көтеріп шыққан

осы, Қазақ Ордасы дейтін мемлекеттің арқасы. Ал Қазақ Ордасының негізін салған Керей мен Жәнібек – сол Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы болатын.

“Қазақ Ордасы құрылғанда алдымен жасы үлкен Керей ақ киізге хан көтеріліпті. Одан соң Жәнібек хан әмір жүргізеді. Сірә, қазақ жұртының біржола іргеленуі Жәнібек тұсында болса керек...”

Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі – ол халық санасында әулиеге парапар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде танбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды, Әз-Жәнібек хан деп аталады. Әз-Жәнібек – қазақ жұртының іргесін бекітіп, ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұрық, ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ Ордасының құдыретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақ-Назар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Әз-Тәуке хан, Абылай хан, ең соңы Кенесары хан, ұлы ғалымымыз Шоқан, Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейхан – барлығы да осы әулие Әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары.

Түрік жұртының бұған дейінгі мың жылдық тарихында сыннан өткен жол-жора, қалыптасқан жүйе негізінде соңғы екі жарым ғасыр орайында ер халықтың, мәрт халықтың жиын ортасынан жарып шыққан, бар тілегі туған елінің мұратымен берік астасқан асыл тұқым – Шыңғыс хан – Жошы хан – Орыс хан – Әз-Жәнібек хан әулеті өз жұртын тарихтың барлық қиын өткелінен аман алып өтті, Қазақ Ордасы деп аталатын байтақ та қуатты ұлыстың тұғырлы туын берік ұстады...

Қазақ Ордасының хандары өздерін көкке көтерген, ауыр міндет арқалатып, сенім білдірген халқына қаяусыз қызымет етті. Қажыр-қайратын аямады, жаннан кешті, қанын төкті, туған елінің мерейінен бөтен мұраты болған жоқ...”

“Қазақ тарихының әліппесі” атты кітабымызда (1993) осылай деп жазыппыз. Тағы да жазбағымыз көп. Соның ішінде... Шыңғыс хан туралы ғұмырбаяндық роман – қалам ұстағаннан бергі, орындалмас арман еді. Сөз бостандығынан соң басқа бір тақырыптар кимеледі, Шыңғыс ханның жайы онсыз да жұртқа белгілі, зәрулігі болмас деп едік. Заманымызды танымаппыз, тым беріде жүр екенбіз. О, тоба! Шөже торғай самұрық бүркітті жұлып жегісі келеді! Жер-әлемді шырқ айналдырған Шыңғыс хан колхоздасу кезеңіндегі шолақ белсенділерге ойыншық болыпты. Таңғы асына талғажау ететін басқа ештеңе таппаған. Тырнағының сынығына түйіліп қалам деп ойламайды. О, керемет!

9.ІІІ.2002.